

"Қазақстан Республикасында телерадио хабарларын таратуды дамыту мәселелері жөніндегі комиссияны құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 ақпандағы № 203 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 9 маусымдағы № 774 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 621 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 621 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасында телерадио хабарларын таратуды дамыту мәселелері жөніндегі комиссияны құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 ақпандағы № 203 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., № 6, 52-құжат) мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Телерадио хабарларын таратуды дамыту мәселелері жөніндегі комиссияны к ұ р у т у р а л ы » ;

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Телерадио хабарларын тарату саласындағы қоғамдық мүддені есепке алу және қорғау, сондай-ақ халықтың теле-, радиоарналарға қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :** » ;

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мынадай құрамда телерадио хабарларын таратуды дамыту мәселелері жөніндегі комиссия құрылсын:»;

Телерадио хабарларын таратуды дамыту мәселелері жөніндегі комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Мыңбай - Қазақстан Республикасының Мәдениет және Дархан Қамзабекұлы ақпарат министрі, төраға

Қырықбаев - Қазақстан Республикасының Мәдениет және Арман Оразбайұлы ақпарат вице-министрі, төрағаның

орынбасары

Қалианбеков - Қазақстан Республикасының Мәдениет және
Болат Серікұлы ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат
комитетінің төрағасы, хатшы

Мұхамеджанов - Қазақстан Республикасының Парламенті
Төлеген Мұхамеджанұлы Сенатының депутаты (келісім бойынша)

Әшімбаев - Қазақстан Республикасының Парламенті
Мәулен Сағатханұлы Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша)

Ықсанова - Қазақстан Республикасының Парламенті
Гүлнар Мұстақымқызы Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша)

Қуанышев - Қазақстан Республикасы Президентінің
Жапсарбай Ілиясұлы Әкімшілігі Ішкі саясат бөлімінің
меңгерушісі (келісім бойынша)

Бабақұмаров - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
Ержан Жалбақұлы Кеңесі Басшысының орынбасары

Башимов - «Еуропа құқығы және адам құқықтары
Марат Советұлы институты» қоғамдық бірлестігінің
сарапшысы, профессор, заң ғылымдарының
докторы (келісім бойынша)

Кациев - Қазақстандағы «Internews Network»
Олег Ахсарович халықаралық ұйымы өкілдігінің директоры
(келісім бойынша)

Жұмабаев - «Қазақстан Республикасы телерадио
Айдар Әбілмәжинұлы хабарларын таратушылар қауымдастығы»
қоғамдық қорының төрағасы (келісім
бойынша)

Матаев - Қазақстан журналистер одағы басқармасының
Сейітқазы Бейсенқазыұлы төрағасы (келісім бойынша)

Оразов - «Нұр Медиа» жауапкершілігі шектеулі
Нұрай Нұрғожаұлы серіктестігі бас директорының бірінші
орынбасары (келісім бойынша)

Ерімбетов - «Әлеуметтік әріптестік орталығы»
Нұрлан Кенжебекұлы корпоративтік қорының бас директоры
(келісім бойынша)

Жолдыбай - «Бас редакторлар клубы» республикалық
Кенжеболат Махмұтұлы қоғамдық бірлестігінің президенті (келісім
бойынша)

мына:

«Нұршабеков - Қазақстан Республикасы Байланыс және
Ризат Рахатбекұлы ақпарат министрлігі Байланыс және
ақпараттандыру комитетінің төрағасы»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Нұршабеков - Қазақстан Республикасы Көлік және
Ризат Рахатбекұлы коммуникация министрлігі Байланыс және
ақпараттандыру комитетінің төрағасы»;

көрсетілген құрамнан Асқар Қуанышұлы Жұмағалиев, Ләззат Мұратқызы
Танысбай, Болат Талапұлы Берсебаев, Есім Ғарифолла, Ерлан Зайроллаұлы
Нығматулин, Қуаныш Сұлтанұлы Сұлтанов шығарылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Комиссияның жұмыс органы Қазақстан Республикасы Мәдениет және
ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитеті болып белгіленсін.».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*